



Педагог

№4 (70)
(Шілде-Тамыз)
(Июль-Август)
2022

Журнал екі айда бір рет шығады / Журнал выходит один раз в два месяца

Журнал 2011 жылдың қаңтар-ақпан айынан
бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля
2011 года на казахском и русском языках

Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

С. Жанысбай. Тарихты таразылаған	3
Ж. Бейсенбекова. Жас ұрпақ тәрбиесі – аса маңызды мәселе.....	6
Р. Шөкейқызы. Анаға құрмет.....	8
Р. Саттибаева, Г. Хикметова. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы география пәнінің маңызы.....	11
Г. Аймурзаева. Биология сабағына ойын элементтерін кіріктіре отырып шығармашыл тұлғаны қалыптастыру.....	15
С. Дейнека. Педагогическая наука и искусство воспитания	19
Е. Костомарова. Роль отделов образования во внедрении системы мониторинга посткурсовой профессиональной деятельности педагогов	23
Г. Сарсенбаева. Значение личностно-ориентированной технологии в современном уроке.....	30
С. Архангельская. Н. Борисова. Формирование способности к самостоятельной познавательной деятельности и умению учиться на протяжении всей жизни.....	35
К. Кіршібаева. Қазақ балалар әдебиетінің атасы – Ахмет Байтұрсынов.....	39
С. Балходжаева. Пейзаж. Табиғатпен үйлесім. Әуе перспективасы.....	41
Б. Касенов. Как учить неправильные глаголы? How to Study Irregular Verbs?	45

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА



ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде
15.02.2010 ж. Астана
қаласында тіркеліп, №10712-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
22.08.2022 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.
Басылым индексі: 74312

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<RADO Print>>
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының вице-президенті.

А. Миразова — Алматы қаласы, №159 мектеп-гимназиясының директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек Ері.

Р. Кіршібаева — Алматы қаласы, №145 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации РК в г. Астане. Выдано свидетельство №10712-Ж от 15.02.2010 г.

Подписано в печать 22.02.2022 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

Подписной индекс: 74312

Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Адрес: 050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

<<RADO Print>>

г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасына жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны и сохранены в программе Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц, шрифт Times New Roman. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте на электронную почту (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.



Тарихты таразылаған

Қашан да ұстаздық жол жеңіл емес. Соған қарамастан, осындай мамандықты, осындай игілікті істің иесі болуды қалаған жандар аз емес. Қарағанды қаласындағы №36 жалпы білім беретін орта мектептің жоғары санатты мұғалімі Сергей Манахбай тарихшы болған соң да шығар, өткен өмірге, өзінің жүріп өткен жолына үнемі көз тастап отыруды әдетке айналдырған. Иә, бұл сонау 1991 жыл болатын. Бір кезде тағдырдың желі айдап апарған Моңғол елінде тұрып жатқан қазақтар арасынан елім деп көтерілген, үдере көшіп, ат

басын ата қонысқа тіреген елдің ортасында Манахбай Тәтікен мен Ханша Тыхайдың отбасы да бар еді. Әуелде олардың қайда барарын білмей, қалай қисайтса, сол жаққа қарай еңкейіп, ертіп келген азаматтың соңынан жүре бергені рас. Олар Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданына келіп тұрақтаған. Баурайы бұлақ, қойнауы құрақ, тұрған жұртқа құт болған Балқандау өңіріне келгенде айналадағы табиғат ананың еміреніп тұрғанын байқап, шынымен де көңілдері бір көтеріліп қалып еді. Шынында да бұл жер құтты қоныс, жайлы өріс болды. Жергілікті жұрт алыстан аңсап келген бауырларын «ағайынымыз келді» деп жылы қарсы алды, еруліктерін беріп, алдарына мал салды.

Негізгі мамандығы мал дәрігері болғандықтан, әулет басшысының өзі Манахбай аға ауыл шаруашылығы саласында еңбек еткенді жөн санады. Қызметке қол созбай-ақ, шопанның ақ таяғын ұстағанды дұрыс деп тапқан. Содан зейнеткерлікке шыққанша еңбек етті. «Әр елдің салты әр басқа» дегенді жиі айтады атам қазақ. Бұл кісілер де екі

елде өмір сүріп, екі елдің әдет-ғұрпын бойларына сіңірген. Көшіп келісімен онша алшақтығы болмаса да Кеңес өкіметіндегі қазақтардың салт-дәстүріне ыңғайланды.



Сөйтіп, Баян Өлгей аймағындағы орта мектепті үздік бітірген ұлы Сергей Улан Батордағы мемлекеттік университетті бітіріп, жалпы тарих маманы болып шыққан. Жоғары білімі болса да Сергей өзінің әкесінің көмекшісі болды. Өйткені басқа елдің білімімен әлі беймәлім елде

қызмет істеп, мұғалім болуға жүрегі дауаламаған. Жергілікті жерге бейімделу қажет болды. Дегенмен, өз елі, өлең төсегіне келген соң, баласының өз мамандығы бойынша еңбек етуі керек еді. Сондықтан да әкесі баласының Қазақстанның білімін алуына кеңес берген. Әкесінің ақылымен, өзінің қалауымен Сергей Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітіріп шықты. Сол 1996 жылы Қарағанды қаласындағы №68 орта мектепке мұғалім болып орналасып, ұстаздық жолын бастады. Көп ұзамай Күләнда Муталханмен бас қосып, отау құрды.

Баласы қалаға қоныстанған соң әкешесі де осылай қарай ойысқан. Қазір осы Қарағанды қаласында тұрады. Бұрын тарих, кейіннен қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын меңгерген Сергей 2004 жылы №36 орта мектепке ауысып, сонда қазақ тілі мен әдебиетінен, Қазақстан тарихынан, Жалпы тарихтан және Адам. Қоғам. Құқық пәндерінен сабақ жүргізіп келеді.



Зайыбы Күлөндаев

Жасынан білімге құмар, алғыр болып өскен Сергей әркашан оқуда үздік, қоғамдық жұмыстың белсендісі болды. Ол сонымен қоса ізденімпаз, көп оқығанды, көп білгенді ұнатады. Бұл – мұғалім үшін ең қажет, ең басты қасиет. Шәкіртінің қандай да болмасын сұрағына жауап бере алмай қалса, өліммен тең ғой.

Егер ұстаздық еңбегінің нәтижелері туралы айтар болсақ, ауыз толтырарлық істері жетерлік. Тарих пәнінің жоғары санатты мұғалімінің біліктілігі жоғары. Ол өзін ұжым арасында білімділігімен, шығармашылық ізденістерімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, көздеген мақсатына жету жолындағы жетістіктерімен көрсете білді. Осы сөзімізге дәлел ретінде мектеп әкімшілігінің берген мінездемесіндегі: «Пәнаралық ықпалдасудың қазіргі оқыту үдерісіндегі толық, жартылай және блоктық болып келетін үш түрін де қолданып, салалас пәндер



мазмұнындағы оқу материалдарының бір курс төңірегінде топтасуын толық қамтамасыз етеді. Оқу материалдарын

бір тақырып аясында ең өзекті мәселелер ретінде тоқталып отырады. Сыныптарда рухани-адамгершілік тұрғыда берілетін тәрбие мен білім мазмұнын байытатын, руханиятымыздың өзегін құрайтын ауыз әдебиетінің үлгілерін, атап айтқанда тұрмыс-салт жырларын, мақал-мәтелдерді, жұмбақтарды, жаңылтпаштарды, ертегілер мен аңыздарды, эпостық жырларды, айтыс өнері мен шешендік сөздерді үлгі ретінде мысалға келтіріп, үнемі пайдаланып, сабақ



Оқушылармен этнографиялық ойын

мазмұнын байытып отырады», - деген жолдарды келтіруге болады.

Бұл мінездемеде сонымен бірге ұстаздың республикалық бірнеше әдістемелік журналда мақалаларының, әдістемелік жасалымдарының, ашық сабақтарының жарық көргенін жазған екен.

Ғылыми-әдістемелік жұмысының нәтижесінде жарық көрген өлкетану бағытындағы бесінші сыныпқа арналған жұмыс дәптерін, әдістемелік құралдар мен бағдарламаларды, қазақстандық құқықтық оқытудың факультативтік бағдарламасын, өзі құрастырған «Қарағанды қаласының тарихы» электрон-



дық оқулығын атап өтуге тұрарлық. Сонымен қоса «Ә. Бөкейхан — Алаш қозғалысының негізін қалаушы қоғам қайраткері» тақырыбында өткен қалалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, жүлделі орындар иеленген. «Қарағанды Ұлы Отан соғысы жылдарында» тақырыбында өткен ғылыми-тәжірибелік конференцияда баяндама жасаған.



Қазыбек би баба (ортада) рөлінде

Сергей Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына арналған гуманитарлық-ағарту конференцияда белсене қатысып, қойылымда Қазыбек би бабамыздың бейнесін сомдағаны көпшіліктің әлі күнге есінде. Сол үшін және басқа да жетістіктері үшін қалалық, облыстық білім бөлімдерінің, «Nur Otan» партиясының грамоталарымен, ол дайындаған оқушылардың талай олимпиадалар мен конференцияларға қатысып, жүлделі орындар алғаны үшін әр түрлі дәрежедегі дипломдармен марапатталыпты. Айта берсек, толып жатыр. Оның барлығын тізіп шығу міндет емес.

Сегіз қырлы, бір сырлы ұстаздың айналысатын машығы да аз емес. Ол сонымен қоса спортшы. Кейде Сергейді балалармен бірге мектептің спорт залынан көруге болса, ат спортымен де айналысады екен. Оның спорттық разрядтары да бар.

Осы жерде бір айта кететін мәселе — оның аты туралы. Кіммен танысса да: «Атың неге Сергей?» деп сұрайды екен. Шынында да өзі Моңғолиядан оралған, өзі «қап-қара» қазақ бола тұра неге олай атады екен деген сұрақтың көңілге оралары анық. Сөйтсек, оның да мәні бар болып шықты. Ол туғанда есімін қазір сол Моңғолияда қалған Мұханбет деген немере ағасы қойыпты. Сол кезде

он бірінші сыныптағы ағасы Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романын оқып жүр екен. Соның ішінде Сергей деген есім жасөспірімнің көкейіне жатталып қалған ғой. Оған әкесі мен шешесі де қарсы болмапты. Арғы бетте қалған ағасына деген сағынышы болса керек, атын өзгертудің каншама рет мүмкіндігі болса да (университетте оқыған кезінде «Серғали» деп атапты)

сол есімді әлі күнге сақтап келеді.

Сергейдің жары Күланда №57 мектеп-лицейде мұғалім, математика пәнінен сабақ береді. Оған қоса қолындағы ата-енесін күтіп отыр. Бес баланың анасы. Үлкендері жоғары оқу орындарын бітірген, қазір қызметте. Ең кішісі Айару екінші сыныптың оқушысы.

Оқытушы бір күнмен ғана өмір сүрмейді, ол болашаққа көз тігеді. Алдағы күнде қандай биіктерге жетсем, қандай асулар алсам деп армандайды. Алдына мақсаттар қояды. Сергейдің де мақсаттары осал емес. Ол сабақтарда ақпараттық технологияларды әлі де болса кеңінен қолдану, дарынды оқушылармен жекелей жұмысты жандандыру, кабинеттерді үнемі заманауи тұрғыда безендіріп отыру қажет деп есептейді.

Иә, несі бар, бұлар орындалмас арман емес, қолжетімді мәселелер екені сөзсіз. Сондықтан да мақсатына жете беруге тілектестігімізді білдіреміз.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
Қазақстанның Мәдениет қайраткері.
Қарағанды қаласы.



Жас ұрпақ тәрбиесі – аса маңызды мәселе



**Жансая
БЕЙСЕНБЕКОВА,**
«Жезкент орта
мектебі» КММ
бастауыш сынып
мұғалімі.
Бородулиха ауданы,
Шығыс Қазақстан
облысы.

Қоғамымыздың ілгері дамуының өзі ғылым мен білімге тікелей байланысты. «Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті», – дейді Мағжан Жұмабаев. Сонда сол халықтың қаны мен жанын, рухын бойына сіңіреді. Еліміз егемендігін алып, тәуелсіздік туы биікке көтерілген қазіргі кезеңде бүгінгі ұрпақтың қоғамымыздағы жаңару процесін жүзеге асырудағы жүргізген жұмысы ұшан теңіз. Жеке ел болып дербес даму жолына түскен осы бастамамызды баянды етіп, нығайта түсуде жеткіншектерге жүктелер міндет те ерекше үлкен. Ал еңсе тіктеген Қазақстандай жас мемлекет үшін бұл міндет ауқымдала түспек. Өйткені Отанымыздың, қоғамымыздың келешектегі шын жанашыры да, арқа сүйері де осынау жас ұрпақ арасынан шықпақ. Демек, оларды лайықты ізбасар етіп дайындау, тәрбиелеп

шығару үшін білім ордаларындағы білім, тәрбие жұмыстарын күшейтіп, ұлттық ұлағаттылыққа баулып өсіру міндеті алда тұр.

Адамзатты тәрбиелеу өте ұзақ және күрделі процесс. Жеке бастың қалыптасуы, оның рухани жағынан дамуы бала кезден бастау алады. Жас шыбық иілуге қандай икем болса, бала да тәрбиені қабылдауға сондай бейім. Соңғы жылдары жалпы білім беретін мектеп пен жалпыға бірдей орта білім беру ісін дамыту, жаңарту проблемаларының ауқымдылығы соншалық, оған жас ұрпаққа білім беру саласында жүрген азаматтармен қатар, ұлт тәрбиесіне бей-жай қарамайтын әрбір адам өз үлесін қосуда.

Отбасы – адам баласының алтын дінгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес.

«Ел болам десен, бесігіңді түзе» деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе? Отбасы мүшелерінің жас шамасы



әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығы бар.

«Отан отбасынан басталады» деген сөздің мәнісі де осында. Ата-ана өз отбасын нығайта отырып, сонымен бірге оның балиғатқа толған мүшелерін үй болуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлеуі басты әрі өте жауапты міндет болып саналады.

Әке мен ананың баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері — баланың «әдепті бала» болып өсуі. Сондықтан қазақ жанұясы әрдайым: «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген.

Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген. Үнемі жанұясында осылай тәрбие көрген бала ақырында, өздігінен тіл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді. Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған. Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір-шапағат көзі — ана. Анасының әкесіне деген қарым-қатынасының өзі — балалардың әкеге көзқарасының сипатын анықтайтыны берік есте болуға тиіс. Мұның өзі, бір жағынан, үй ішіндегі әдептің бастау көзі екені анық. Демек, балалар үшін әке беделі аналарының сөзі, іс-қимылы, қас-қабағы арқылы қалыптасады.

Қазір заманымыз жақсарып, халықтың әл-ауқаты артып келеді.

Дегенмен де әр түрлі діни көзқарастағы адамдардың үгіт-насихатына балалардың еріп кетпеуін қадағалағанымыз жөн. Ата-аналар балаларды мүмкіндігінше көп уақыт үйде жалғыз қалдырмауға, немен шұғылданатынын, мектепке қалай барып келуін, күнде қанша сабақ болып, қаншада қайтатынын біліп отырулары керек. Баланың сабақтан тыс уақытын қалай ұйымдастыру керек? Олардың кітап оқуына, мәдени тынығуына жағдай жасап көмектесу қажет. «Тәрбие отбасынан басталады» десек те, күйбең тіршілікке алданып жүріп, отбасындағы әрбір баланың әрекетін, қылықтарын бағалап, бағыт-бағдар беруге көңіл кейде аз бөлінеді. Әрбір ата-ана баласының ынтасын, қызығушылығын байқап, оның өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасап, ықпал етуі керек.

Бала — Отанымыздың келешегі, біздің жалғасымыз. Сондықтан бала тәрбиесі — баршамызға ортақ іс. Әр ата-ана өз баласын еліне, халқына шын берілген, халқын құрметтей алатын, дені сау, білімді, еңбексүйгіш, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуді борышым деп есептеуі керек.

Сайып келгенде, қоғамда әдеп-инабат өлшемдерінің терең тамырланып, кең жайылуында отбасының маңызы орасан зор. Әрбір ұяның қос тіреуі — ата-аналар өздеріне әдеп-адамгершілік талаптарын, құқықтары мен міндеттерін мүлтіксіз орындаса, бүкіл қоғамда, елде бейбіт те береке-лі тұрмысқа негіз қаланбақ, демек, ұрпақтарына құтты қоныс, жайлы болашақ қамтамасыз етілмек!



Анаға құрмет

Ата-ананың орны әр уақытта да жүрегін жарып шыққан балалары үшін қымбат та қастерлі. Олар бауыр еті балапандарын аялап өсіріп ұлын ұяға, қыздарын қияға қондыруға, өмірден өз орындарын табуына қамқор болады. «Әке айбының болғанда, ана айдының олар барда болмайды-ау қайғы-мұңның» демекші, қамқорлықпен айтылған жылы сөздерін балалары ұмытпай айтып жүреміз.

Әрбір адамның бойында ананың үш қарызы бар болатын көрінеді. Бұл үш қарыздан анамызды разы ету, құрметтеу арқылы құтылуымыз керек екен. Олар: анамыздың бізді осынау жарық дүниеге әкелуі және өмірге келген соң түн ұйқысын төрт бөліп әлдилеуі және қатарыңнан қалдырмай адам етіп тәрбиелеуі.

Ата-ананың татулығы олардың өзара сыйластығы, бауырмалдық мінездері отбасындағы балаларға үлкен әсер береді. Туған туыстармен, нағашылармен, көрші-қоландармен құда-жекжаттармен жылы араласу, тәтті-дәмділерді бөліп жеу, сыйласымдылық қазақи бауырмалдылық үлкен өмір мектебі. Олардың мейірімді көзқарасы, аялы сөздері әр баласы үшін ерекше.



- Бұл күндері қайран ата-анамыздың мейіріммен жанашыр жақсы, жылы сөздерін есімізге алып, жақсылыққа ұмтыламыз. Асыл әкеміз Қасабек Өтешов 1897 жылы туылған. Тыл ардагері болды. Ал, аяулы анамыз Нұржамал Уәлиқызы 1923 жылы дүниеге келген өте бауырмал, мейірімді адам болатын. Ұлы Отан соғысы кезінде осы Шеңгелді ауылында «Бәрі де Жеңіс үшін, бәрі де Майдан үшін» деп ел қатарлы еңбек жасаған. Қолөнер шебері, оюлап құрақ құрап, сәндеп көрпе тігетін, шаршауды білмейтін ақжарқын, қонақжай еді. Ана тіршіліктің жібек арқаны ғой, қазір өзіміз есейіп үй-



лі-баранды болсақ та, ата-ананың орны бөлек - дейді сол бір бақытты балалық шағын сағынышпен есіне алған отбасының тұңғышы Марал Қасабекқызы.

Ислам дінінің негізі — адамгершілік дегендей, туған жерді, иман жүзді адамдарды бағалау әр адамның асыл қасиеті. Жасы үлкен адамдарды құрметтеп, оларды қабағынан тани білетін қазақи мінезге қарап, кісілік пен кішіліктің жарасты қалыбын аңғарамыз. Иә, әйел — ана өте бауырмал, әр үйдің шырағы — шамшырағы емес пе!

Өмірде елеулі еңбек жолдары мен өзіндік орындары бар, шыдамдылық пен қажырлы қайратының, зерделілігінің арқасында үлкен отбасына жылы шуақ құя білген қаншама аналар бар арамызда. Балалары Марал, Жанат, Қайрат әке мен ананың сенімдерін ақтады, асқар таудай әкесі мен анасының жақсы тәрбиесі балаларының бойынан темірқазықтай жарқырап көрініп тұрды. Отағасы өмірден озса да берекелі отбасының отын өшірмей, аналық жүрегінің жылуын маздата жандырып, өнегелі тәрбиені сөнбес шырақ қылып қайран ана жаға білді. Ашық — жарқын сезімтал мінезді Нұржамал апалар күнделікті өмірде ауыл - елге сыйлы, балалары мен немерелеріне тағылымды үлгі — өнегелі бола білді. Шаңырақтың тұңғышы Марал бастаған бауырларының бір-біріне деген қамқорлық, бауырмалдық, сыйластық қасиеттері қазақ халқына тән тағылымды, үлгі-өнеге деп білеміз.

Бақытты Нұржамал әже, құдай берген балғын немере, жиен шөберелердің ортасында шуақты әдемі өмір кешіп, былтыр ғана 98 жасында бақилыққа аттанды. Осы әулеттің шаңырақ иесі, анасын құрметтеп шығарып салған Қайрат пен Бақытгүл анасының ақ батасын алған, бақытты отбасы. Немересі Жұлдыз осы Шеңгелді ауылында география пәнінің мұғалімі. Күйеу бала Азат денешынықтыру мұғалімі. Немерелері Берік әскери қызметте, Серік төтенше жағдайда қызмет көрсету маманы. Сонымен бірге «Балалы үй — базар» демекші, қылықтары тәтті Аяла, Аяулым, Зере атты шөберелері де бар.

Қадірлі аналарымыз ата жұртының салт-дәстүрін, ана тілінің қадір-қасиетін сыйлауға ұрпақтарын тәрбиеледі. Жоқшылық заманда да тарықпаған, бар деп аспаған осындай иман жүзді ардагер апаларымыз болған кезінде. «Балалар мен немерелерді қызықтап отырғанымыз — бүгінгі бейбіт күннің, кешегі Ұлы Жеңістің арқасы ғой. Осы жақсы заманды көргенімізге не жетсін, шіркін», - деп туған елінің амандығына тілекші болуда.

«Бірлігі жақсының тірлігі тапшы болмайды», - деген әдемі мақал тегін айтылмаса керек-ті. Қарапайым адамгершілігі мол, қайырымды жақсы адамдарға жақын жүру, оларды құрметтеу әрбір мұсылманның міндеті. «Жаның қиналса жақсыға жақында, жақсының жан сезімі жаныңды жадыратады», - деген



әдемі қағида бар. Туған елін, жерін құрметтеу оның көңіл қуантарлық жайлы жаңалықтарын естіп қуана білу де бір ғанибет емес пе, шіркін! Бір-бірімізге қолымыздан келгенше камқорлық көрсетіп, тіршілікте сыйлассaq, өмір сонысымен қымбатты болмақ.

«Адам — керуен, өмір — жол», - демекші, осынау қайталанбас, жалт-жұлт еткен ұзақ өмір жолында қа-

йырымды, мәнді де сәнді ғұмырымызда жарқырап, бір-бірімізді қуанытып жүрейікші, ағайын.

Рымтай ШӨКЕЙҚЫЗЫ,
Қазақстан Республикасы
Журналистер одағының мүшесі.
Шеңгелді ауылы,
Д. Қонаев ауданы,
Алматы облысы.

*Мейірімі мол ананың —
Жүрегі жылы, қолы кең.
Кең пейілді атаның
Жүзі жылы, жолы кең*

(халық даналығы)



Оқушылардың функционалдык сауаттылығын қалыптастырудағы география пәнінің маңызы

Функционалдык сауаттылық — адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдык сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол — ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдык сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Мектептің білім беру жүйесінде жас ұрпақты жан-жақты дамыту мен функционалды сауатты, шығармашыл тұлға тәрбиелеуде география пәні үлкен рөл атқарады. Алайда, функционалдык сауаттылықты қалыптастыру — күрделі және ұзақ үрдіс. Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, жас ұрпаққа заман талабына сай жан-жақты білім беру мүмкін емес. Жаңа технологияны енгізу барысында мұғалімнің жұмысы оқушының жеке тұлғалық абыройын құр-

меттеуге, оның шығармашылық қабілеттері, бейімділігі мен өздігінен ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы тиіс.

Оқушылардың функционалдык сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар. География сабағында әр түрлі тақырыптарға эссе жазу, хабарлама, реферат, бүктемелер, презентация, жоба дайындау оқушылардың жалпы және ақпараттық сауаттылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Зерттеушілік бағыттағы жұмыстарды орындау барысында оқушылар өздігінен ақпарат жинап, оны өңдеуді және көркемдеуді үйренеді, есептеу, графиктер мен диаграммалар құру дағдылары жетілдіріледі. Мысалы, 9-сыныпта өздері оқып жатқан мектеп оқушыларының ұлттық, жастық-жыныстық құрамын анықтау немесе туған өлкесінің көрікті жерлері, тарихи-мәдени ескерткіштері, осы өлкеден шыққан танымал тұлғалар туралы материал жинақтау сияқты тапсырмаларды орындатуға болады. Өз өлкесін танып-білу арқылы оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігі артады.

Географиялық нысандарға сипаттама беру, олардың ерекшеліктерін анықтау немесе оларды бір-бірімен салыстыру үшін оқушылар мәтінмен, атласпен жұмыс жасайды, графикалық кескіндемелерді



талдайды, қорытынды шығарады және болжайды. Сонымен қатар белгілі бір тақырыпқа кластер, синквейн құрастырғанда оқушылар сын тұрғысынан ойлауды, өз ойларын еркін және нақты жеткізуді үйренеді.

Әрбір мұғалімнің мақсаты — сабақ сапасын көтеру түрлерін жетілдіру, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, іздену, таным деңгейін көтеру. География сабағында флипчартты қолдану оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттырады. Әсіресе, жоғары сыныптарда елдер мен олардың астаналарын сәйкестендіру, кескін картаға елдер атауларын орналастыру, елдерді аймақтар бойынша топтастыру мазмұнындағы тапсырмалар астаналарды тез жаттауға, картографиялық білімдерін жетілдіруге көмектеседі.

Оқушының тану қабілетін арттырып ақыл-ой әрекетін дамытуда проблемалық оқытудың маңызы зор. Проблемалық оқытудың нәтижесі терең де берік білім беріп қою немесе тәсілдерін үйретумен тынбайды, оқушылардың ақылы жаңа сапаға ие болады, ой-өрісі кеңейеді. Проблемалық мәселелер мен ситуацияларды құру үшін әр түрлі білім көздерін, оқулық мәтінін, картаны, сурет, сызба, т.б. пайдалануға болады. Мысалы, 8-сыныпта «Қазақстанның экологиялық проблемалары» тақырыбын қарастырғанда оқушылар 7-сыныпта алған білімдерін пайдалана отырып, төмендегідей тапсырмаларды орындайды:

1. «Табиғат кешені» сызбанұсқасын құру.

2. Адамдардың шаруашылық әрекетінің табиғат кешендеріне тигізетін әсері туралы мысалдар келтіру.

3. Экологиялық проблемаларды шешу жолдарын ұсыну.

4. Неліктен Арал проблемасы ғаламдық проблемаға айналып отыр?

Қазіргі педагогикада демократияландыру жүріп жатыр. Сабақ үстінде оқушының өзін еркін ұстауы, ойын еркін жеткізуі, өз бетімен ізденуі, қосымша материалдарды кеңірек пайдалануы көзделеді. Егер сабақта тақырыпқа орай мәнді ойын элементтері жиі қолданылса, оқушылардың пәнге қызығуы артады, сабақ тартымды және жеңіл өтеді. *«Балалармен бірге сабақ үстінде жүргізілген қызықты ойындар, - дейді профессор В.М. Чистяков, - оларды сабаққа қызықтырады, тәртіпке шақырады, дұрыс қорытындылауға, олардың бойында достық, ұйымшылдық қасиеттерін, ойлау қабілеттерін дарытады».* География сабағында көптеген ойын түрлерін қолдануға болады. Мысалы, берілген әріптерден географиялық атаулар құрастырып, оларды картадан көрсету оқушылардың номенклатуралық білімін тексеруге және бекітуге мүмкіндік берсе, «Географиялық тізбек» ойыны географиялық атауларды есте сақтауға көмектеседі.

Білім берудің түрлері мен әдістерін жетілдірудің тағы бір бағыты — оқушыларды топпен жұмыс істеуге ұйымдастыру. Топтық оқытудың ерекшелігі — жастары шамалас шағын топтағы оқушылардың бірігіп жұмыс істеуінде. Мұндай



шағын топта оқушы өзін-өзі жоғалтпайды, олар бір-біріне көмектесіп ортақ тапсырмалар орындайды. Мұндай жағдайда әр оқушы жетістігі мен кемшілігін бағалап қана қоймай, олардың ортақ нәтижеге қандай үлес қосқаны да ескеріледі. Тақырыпты топпен жұмыс істей отырып түсіндіру, қайталау оқушылардың ойлауын дамытуда және көпшілікпен жұмыс істеуге дайындауда үлкен рөл атқарады. Оқушылар өз ойларын еркін және нақты жеткізуге, бірін-бірі тыңдай білуге үйренеді.

Оқушылардың тапсырманы орындай алмаған жағдайда сабаққа деген ынтасы азайып, өзіне-өзі деген сенімділігі төмендейді. Бұл жағдайдан шығудың жолы — деңгейлік тапсырмалар. Пәнге қызығушылығы төмен оқушыларға қабілеті жететін тапсырмалар беру арқылы ынталандыру қажет. Ал қызығушылығы жоғары оқушылардың қосымша тапсырмаларды орындауы олардың қабілетін ашуға ықпалын тигізеді.

Оқушылардың бір сыныпта, бір бағдарлама және бір оқулық бойынша оқи отырып, материалды әр түрлі деңгейде игере алуы деңгейлік саралау деп аталады. Сондықтан міндетті дайындық деңгейі анықтаушы шарт болып табылады. Міндетті дайындық деңгейіне жету оқушының мазмұнды игеруге қойылатын ең аз қажетті талаптарды орындағанын сипаттайды. Осының негізінде материалды

игерудің жоғарырақ деңгейлері қалыптасады. Мысалы, 11-сыныпта «Шетелдік Азия елдеріне жалпы шолу» тарауын қорытындылау сабағында төмендегідей тапсырмаларды беруге болады: I деңгей:

1. Атластағы Азия елдерінің саяси картасын пайдалана отырып, монархиялық басқару түріндегі және федерациялық құрылымдағы елдерді кескін картаға түсіру.
2. Атласты, оқулық мәтінін және анықтамалық мәліметтерді пайдалана отырып, Азияның аумағы бойынша ірі елдерін дәптерлеріне теріп жазу.

II деңгей:

1. Атластағы тақырыптық карталарды және оқулық мәтінін пайдалана отырып, «Азияның минералды ресурстары» кестесін құрастыру.

2. Оқулық мәтінінде берілген статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, «Азия халқының ұлттық құрамын» көрсететін дөңгелек диаграмма құру.

III деңгей:

1. Азияның әр аймағында орналасқан екі еліне салыстырмалы сипаттама беру. Бүгінгі білім беру жүйесінде критериялы бағалау зор маңызға ие. Өйткені қазір оқушылардың білімділігі ғана басты рөлде емес, басты рөлде оқушының құзіреттілігін, оның жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасау, өзін-өзі да-



мыту, өзіндік білімін көтеру сияқты мақсаттар қойылған. Критериалды бағалау бұл мақсаттар мен міндеттердің барлық талаптарына сай орайластырылған. Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі:

- ✓ алдын-ала ұсынылған бағалау шкаласы;

- ✓ анық, айқындылығы;

- ✓ бағаның әділдігі;

- ✓ өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі.

Критериалды бағалау сабақтың өн бойында жүзеге асып отырады. Алдымен топтық жұмысты бағалауда өте тиімді. Өйткені топ жұмысын критерийлермен бағалау жұмыстың нәтижелілігіне және оқушылардың өзара бағалау арқылы өз пікірлерін ортаға салып, еркін жеткізуіне алып келеді. Өз пікірін еркін айту, өзгелердің жұмысына өзіндік бағасын беру өмірге бейімділіктерін арттыра берері сөзсіз. Бағалау парағы топқа тапсырмамен бірге ұсынылатын болғандықтан, оқушылар өзге топты бағалар алдында өз тапсырмаларын орындауда сол критерийді басшылыққа алады.

Қазіргі кезде білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту — бүгінгі заман талабы. Осы орайда, география пәнін дұрыс үйрете білу өте маңызды. География сабағында қажетті білім, білік, дағдыларын меңгеру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығы қалыптасады:

- ✓ оқушылар өз мақсатына жету

үшін мәтінді дұрыс пайдалана білуді үйренсе, оқу сауаттылығы қалыптасады;

- ✓ географиялық есептерді шығаруды, сынып кабинетінің, бөлменің, т.б. планын сызуды меңгерсе, математикалық сауаттылығы қалыптасады;

- ✓ табиғат құбылыстарының себеп-салдарын анықтай алса, қорытынды шығарып, болжам жасауды үйренсе жаратылыстану ғылыми сауаттылығы қалыптасады.

Осының барлығын оқушыларға меңгерту үшін педагог өз сабағында тиімді әдіс-тәсілдерді тандап, заман ағымына ілесіп, үнемі іздену үстінде болуы тиіс. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы — өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалім сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Алайда, сынып ұжымымен байланыс орнатып, әр баланың жүрегіне жол таба білуде ұстаздың жеке басының адамгершілік қасиеттерінің үлкен орын алатыны белгілі. Ол қасиеттер бір жарым ғасыр бұрын халыққа қыз-



мет еткен Абай, Ыбырай шығармаларынан көрініс тапқан:

- оқушыны құрметтеу, еркіндік беру, пікіріне құлақ асу;

- оқушы қабілетін мөлшерлеу, білімін әділ бағалау;

- мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық.

Ұстаз — білімдарлығы, адамгершілік пен әділдігін, адалдығы мен шыдамдылығын, тапқырлығы мен қамқорлығын оқушы бойына дарытып отырса, білім алуда жақсы жетістікке жетуге болады. «Ұстазына қарай-ұстамы» деген сөз берер айтылмаса керек

Рая Мажитовна САТТИБАЕВА,
«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы

Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасының аға оқытушысы.

Гульмира Кайратовна ХИКМЕТОВА,

«№53 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейі» КММ-нің география пәні мұғалімі.
Қарағанды қаласы, Қарағанды облысы.



Биология сабағына ойын элементтерін кіріктіре отырып шығармашыл тұлғаны қалыптастыру

Қазіргі кезеңде әлі де болса, орта мектеп оқушыларының білімдерінде формализмнің элементтері кездесуде. Биология пәнін игеру, олар үшін тек кітап материалын оқу ғана болып отыр. Шын мәнісінде, биология пәнінде оқушылар табиғат заңдарын оқып, білуі тиіс. Оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру керек. Оқушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады, оқушылар біліміндегі формализм элементтерін жояды. Оқушылардың білімге ын-

тасының болуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуына білім сапасының жоғарлауына, білім алудың пайдасын түсінудің қалыптасуына мүмкіндік береді, жалпы айтқанда оқу процесінің деңгейін көтереді. Білім берудің құрылысын, оқушылар мұғалім қойған мақсаттарды түсінетіндей, қабылдайтындай етіп құру керек және оқушы мұғалім қойған мақсатты белсенді жүзеге асырушы болуы тиіс.

Оқушылардың біліміне ықыласын, ынтасын, қызығушылығын арттырудың ең жақсы жолының бірі-сабақта ойындарды қолдану. Ойын, білім алу еңбек ету-адамның



негізгі қайраткерліктері. Ойын-білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Ойынды алданыш және көңіл көтеру деп ойлайтындар қателеседі.

Кейбір педагогтар мен психологтардың мектеп жасындағы балалардың ойын жасынан өтіп кетті деуі бекер. Ойындағы оқиға-жайлар сабаққа әр қилылық нәр береді, сабақты қызық етеді, оған эмоциялық бояу береді.

Мектепте балалар сабақ үстінде бір-бірімен сөйлеспейді. Балалар сөйлескен жағдайда, ол тәртіпті бұзған болып есептеледі, мұғалімнен ескерту алады. Ойын жағдайын балалар сабақ барысында бір-бірімен ақпарлармен алмасатындай, ақылдасатындай, бір-біріне дәлелдей алатындай, бір-бірін бағалайтындай етіп ұйымдастыру керек. Ойындар қолданылған сабақтарда оқушылар белсенділік көрсетеді. Бұлай болу барлық ойынға тән нәрсе, оның топтық түрде өтуіне байланысты. Топтық түрде сабақтағы білім алу традициялық білім беру «мұғалім-оқушы» өрнегін күрделендіреді. Яғни, өрнек былай күрделенеді: «мұғалім-топ-оқушы», бұдан келесі өрнек туындайды: «оқушы-оқушы». «Оқушы-оқушы» жүйесінде «топ оқушы», «оқушы-топ» өрнектері өздігінен туындап жатады және оқушылар білмейтіндерін көрсетуге тырыспайды. Балалар бір-бірінің ойларымен, пікірлермен алмасады, дәлелдейді, қателеседі, өз ойларын ортаға салады, негіздейді, есеп жауаптарын

бірге шешеді, тексереді қателерін түзейді, т.с.с. Ойын барысындағы пікірлер алмасу нәтижесінде, оқу материалдарын жылдам және жақсырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді. Мұндай жағдайда барлық балалар алға жылжиды, білімдері терең балалардың тежемеуіне, білімі төмен балалардың алға ұмтылуына мүмкіндік береді.

Биология сабақтарында ойынды ұйымдастырғанда оқушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде оқушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімінің болуы, менмендік және жалқаулықтан безіну қасиеттері қалыптасады.

